- орналастырылған облигациялар саны: 250 000 дана;

бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісін тіркеу осы проспектіні тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады;

Облигациялық бағдарлама шеңберінде бұрын шығарылған облигациялармен олардың ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзу кезінде жүзеге асырылған және ұстаушылармен жасалған, бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар, ұстаушылардың аталмыш құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсете отырып:

бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың бірінші және екінші шығарылымдары проспектілерімен облигациялардың аталмыш шығарылымдары ұстаушыларына келесі құқықтар ұсынылған:

- бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың бірінші және екінші шығарылымдарының проспектілеріне сәйкес облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың бірінші және екінші шығарылымдарының проспектілеріне сәйкес тиянақталған сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес, сонымен қатар, Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіппен, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыруға;
- Эмитенттің сыйақыны және облигациялар бойынша негізгі борыштың номиналды құнын төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаудың әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаудың әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді

немесе оның қажетті бөлігін орындау күні қолданылған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне байланысты есептеледі (яғни ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні).

- бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың бірінші және екінші шығарылымдарының жобаларымен анықталған жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;
- Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.

бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісін тіркеу осы проспектіні тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады;

3. Шығарылым құрылымы:

1)	Облигациялар түрі	Қамтамасыздандырусыз купондық облигациялар (бұдан былай – «Облигациялар»).
2)	Шығарылатын облигациялар саны	100 000 000 (жүз миллион) дана
	Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	10 000 000 000 (он миллиард) теңге
3)	Бір облигацияның номиналды құны	100,00 (жүз) теңге.
4)	Облигациялар бойынша сыйақы	
	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (купонның мөлшерлемесі): облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының күллі мерзіміне тиянақталған болып табылады және облигациялардың номиналды құнынан жылына 9,0 (сегіз) пайызды құрайды.
	Сыйақыны есептеу басталатын күн	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу Облигациялар айналымы басталған Күннен басталады.
	Сыйақыны төлеу кезеңділігі және күні	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының күллі мерзімі ішінде Облигациялар айналымы басталған Күннен бастап әрбір алты ай өткен сайын жылына 2 (екі) рет орындалатын болады. Сыйақы оны алуға құқылы және ол үшін сыйақыны төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылары тізілімінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді (Эмитенттің бас кеңсесінің орналасқан жерінің уақыты бойынша) (Тиянақтау күні).
	Сыйақыны төлеу тәртібі және шарттары	Сыйақыны төлеу Тиянақтау күнінен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны аудару жолымен теңгемен орындалады. Облигацияларды ұстаушылар тізілімі қажетті купондық кезеңнің соңғы күнінен басына тиянақталады. Төлеу күніндегі сыйақы номиналды құн мен купондық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі таңбалар саны және

		<p>дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен сәйкес анықталады. Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын біруақытта төлеу арқылы орындалады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақының және борыштың негізгі сомасының төлемдері) Эмитент Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңге) қолма-қолсыз ақша тәртібімен жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік (ағымдағы) шоты болған уақытта теңгемен орындалатын болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен Еуроны қоспағанда) Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен қажетті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қажетті жазбаша өтінішті алған жағдайда рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау Эмитент төлем жүзеге асырылған күні анықталған бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен Еуроны қоспағанда) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен орындалады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.</p>
	Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақыны төлеу айналымының күллі мерзімі ішінде жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және айда 30 (отыз) күн уақыттық базасы есебінен орындалады.
	Индекстелген облигацияларды шығару кезіндегі есептеу тәртібі	Облигациялар индекстелген болып табылмайды.
	Егер сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған болып табылмаса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі	Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналымының күллі мерзімінде тиянақталған болып табылады.
5)	Облигациялардың айналымы және өтелімі туралы мәліметтер	
	Облигациялар айналымының басталған күні	<p>Облигациялар айналымының басталған күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелерімен сәйкес өткізілетін, облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген мамандандырылған сауда-саттық өткізілген күні болып табылады, («Алғашқы өткізілген сауда-саттық»).</p> <p>Алғашқы өткізілген сауда-саттық қорытындылары бойынша анықталған, облигациялар айналымының басталған Күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ сайтында жарияланатын болады (www.kase.kz).</p>

	Облигациялардың айналымы жоспарланған нарықтар	<p>Облигациялардың бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналымы жоспарланған.</p> <p>Эмитенттің Облигациялар айналымында қандай да бір шектеулері, Облигацияларды ықтимал сатып алушыларға қатысты шектеулері, соның ішінде Облигациялардың орналастыруы болжанатын тұлғалар тобына қатысты, оған қоса Эмитент тараптарымен байланыста болып табылатын тұлғаларға қатысты шектеулері болжамдалмайды.</p>
	Облигациялардың айналым мерзімі және оларды өтеу шарттары	<p>Облигациялар айналымының мерзімі Облигациялар айналымы басталған Күннен бастап 3 (үш) жыл құрайды. Облигациялар біруақытта Облигациялардың номиналды құны бойынша облигациялар айналымының кезеңі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы купондық сыйақыны ақшаны облигациялар айналымы мерзімінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен төлей отырып өтеледі.</p> <p>Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасы аумағында теңгелігі банктік (ағымдағы) шоты болған уақытта теңгемен орындалатын болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен Еуроны қоспағанда) Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен қажетті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қажетті жазбаша өтінішті алған жағдайда рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау төлем жүзеге асырылған күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі анықтаған бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені басқа валютаға айырбастау (АҚШ доллары мен Еуроны қоспағанда) Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен орындалады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резиденті пайдасына Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға рұқсат етілмейді.</p>
	Облигацияларды өтеу күндері	Облигациялар айналымының кезеңі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.
	Облигацияларды өтеу орындалатын жер	<p>Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы Еншілес ұйымы</p> <p>050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Тимирязев көшесі, 28 «В».</p>
	Облигацияларды өтеу	Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу ақшаны Облигацияларды ұстаушылар

	тәсілі	тізілімінің деректерімен сәйкес Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.
6)	Облигациялар бойынша қамтамасыздық	Облигациялар қамтамасыз етілген немесе ипотекальдік болып табылмайды.
7)	Облигацияларды ұстаушылар өкілі туралы мәліметтер	Облигацияларды ұстаушылар өкілінің функцияларын Қазақстан Республикасы, Шевченко к-сі 100, 5 қабат, Алматы, 050022 мекенжай бойынша орналасқан «BCC Invest» АҚ орындайды, тел. +7 727 244 3232. Қызметтерді көрсету Облигацияларды ұстаушылар өкілінің функцияларын көрсету туралы 2016 жылғы 27 мамыр күнгі № ПДО – 23-03/270516 Шарт негізінде жүзеге асырылады.
8)	Тіркеуші туралы мәліметтер	Келесі мекенжай бойынша орналасқан, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Бостандық ауданы, Сәтпаев к., 30А/3 үй, «Тенгиз тауэрс» ТК аумағында, тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60 іш. 230. Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдері жүйесін жүргізу бойынша шарт: 2012 ж. 13 желтоқсандағы № 00547-АО.
9)	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер	Эмитенттің Облигацияларды шығару бойынша қаржылық кеңесшісі және Андеррайтері «Казкоммерц Секьюритиз» акционерлік қоғамы («Казкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы) болып табылады, орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 34, 3 қабат, тел.: +7 (727) 244-60-05, 244-65-66. Қызметтерді көрсету 13 маусым 2016 күнгі қаржылық кеңесші және андеррайтер функцияларын көрсету туралы №23-03/13062016 Шарт негізінде жүзеге асырылады.
10)	Төлеу агенті туралы мәліметтер	Сыйақыны төлеу және Облигацияларды өтеуді Эмитент өздігінше төлем агенті функцияларын пайдаланусыз жүзеге асырады.
11)	Облигация өзінің ұстаушысына беретін құқықтар	<ul style="list-style-type: none"> • Осы проспектіге сәйкес номиналды құнын алу құқығы; • Осы проспектіге сәйкес тиянақталған сыйақыны алу құқығы; • Қазақстан Республикасы заңнамасымен сәйкес, сонымен қатар, Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіппен, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алу құқығы; • Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өзінің талаптарын қанағаттандыру құқығы; • Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыштың номиналды құнын төлеу

		<p>бойынша міндеттемелерін орындамауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуін талап ету құқығы. Бұл ретте, Эмитенттің сыйақыны және/немесе Облигациялар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауының әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбы міндеттемелердің немесе оның қажетті бөлігінің орындалған күні қолданылған.</p> <p>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне тәуелді есептеледі (яғни, ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күні);</p> <ul style="list-style-type: none"> • осы проспектімен анықталған жағдайларда Облигациялардың барлығын немесе бөлігін сатып алуға жариялау құқығы; • Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар. • Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмайды. <p>Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 2 шілдес күнгі № 461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған жағдайларда Эмитент орналастырған облигацияларды сатып алу тәртібі:</p> <p>ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабымен қарастырылған негіздер орын алған уақытта, Эмитент орналастырылған Облигацияларды жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша немесе қай шаманың үлкенірек болып табылатындығына тәуелді, Облигациялардың әділ нарықтық құны бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.</p> <p>Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған мерзімдер ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында ондай мерзім болмаған уақытта – Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабында көрсетілген оқиғалардың бірі орын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға осындай факт туралы Облигацияларды ұстаушылар өкіліне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қажетті хабарлама жіберу жолымен, сонымен қатар, хабарды Эмитенттің ресми сайтында http://www.vtb-bank.kz, «Қазақстан кор биржасы» АҚ ресми сайтында http://www.kase.kz, Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайтында http://www.dfo.kz және «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде орналастыру арқылы хабарлау жолымен ақпараттандырады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Эмитенттің облигацияларын сатып алуға әкелетін көрсетілген оқиғалардың қайсысының орын алғандығы
--	--	--

		<p>туралы ақпарат;</p> <ul style="list-style-type: none"> - Облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атау, оның ішінде Эмитентке талаптармен жүгіну тәртібі мен мерзімдері: - Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпарат. <p>Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 18-4 бабында көрсетілген оқиғалар орын алған уақытта, Облигацияларды ұстаушылардың кез келгені қажетгі хабар алғаш жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Эмитентке Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап ұсыну арқылы оған меншікті Облигациялардың сатылып алынуын талап етуге құқылы.</p> <p>Осындай талаптардың біріншісін алғаннан кейін Эмитент сатып алу күнін анықтайды, ол осындай талап алынған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш болмауы тиіс, және Облигацияларды ұстаушыларға Облигацияларды ұстаушылар өкіліне хабарлау, сонымен қатар, қажетгі хабарды Эмитент, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми сайттарында орналастыру арқылы алдағы Облигацияларды сатып алу күні туралы ақпараттандырады.</p> <p>Олардың ұстаушылары оларға меншікті Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талап тапсырмаған облигациялар осы проспектімен қарастырылған тәртіппен, Облигациялардың айналым мерзімі аяқталғаннан кейін өтеледі.</p>
11-1)	Олар орын алған уақытта Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар	<p>Дефолт – Облигациялар бойынша Эмитенттің міндеттемелерді орындалмауы.</p> <p>Ол орын алған уақытта Эмитент Облигациялары бойынша дефолт жариялана алатын оқиға (бұдан былай - «Дефолт») купондық сыйақыны, номиналды құнды және/немесе соңғы купондық сыйақыны купондық кезең немесе облигациялардың айналым мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлемеу немесе толық төлемеу болып табылады.</p> <p>Эмитент егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш жағдаяттарының салдары болған болса, осы проспект бойынша өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы үшін жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>Еңсерілмейтін күш жағдаяттары деп олардың орын алуын болжау немесе алдын алу мүмкін емес болған жағдайлар түсініледі (табиғи апаттар, әскери қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.). Еңсерілмейтін күш жағдаяттары орын алған жағдайда, Эмитенттің осы проспектімен қарастырылған өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі оның ішінде осындай жағдайлар және олардың салдары әрекет еткен уақыт кезеңіне сәйкес шегеріледі.</p> <p>Облигациялар бойынша Дефолт орын алған жағдайда Эмитент Облигациялардың айналым мерзімі аяқталған</p>

	<p>жағдайда Облигацияларды ұстаушылар немесе Облигациялар бойынша талап ету құқығына ие тұлғалар пайдасына әрбір кешіктірілген күн үшін ақшалай міндеттеме немесе оның қажетті бөлігі орындалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне тәуелді есептелетін өсімпұл есептеуге және төлеуге міндетті. Қазақстан Республикасы заңнамасымен және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен қарастырылған мерзімдер ішінде, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында осындай мерзім болмаған уақытта – Дефолт орын алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Эмитент Облигациялардың айналым мерзімі аяқталған жағдайда Облигацияларды ұстаушыларға немесе Облигациялар бойынша талап ету құқығына ие тұлғаларға осындай факт туралы Облигацияларды ұстаушылар өкіліне және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне қажетті хабарлама жіберу жолымен, сонымен қатар, хабарды Эмитенттің ресми сайтында http://www.mutb-bank.kz, «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында http://www.kase.kz, Қаржылық есептілік депозитарийнің ресми сайтында http://www.dfo.kz және «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газеттерінде орналастыру арқылы хабарлау жолымен ақпараттандырады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> i. Дефолт фактісі туралы ақпарат; ii. Эмитенттің Дефолт күнгі орындалмаған міндеттемелерінің көлемі; iii. Міндеттемелерді орындамау себептері; iv. Облигацияларды ұстаушылардың өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атау, оның ішінде, Эмитентке талаптармен жүгіну тәртібі және мерзімдері; v. Эмитент шешімі бойынша басқа ақпарат. <p>Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашуды тапсыру қарастырылмаған.</p> <p>Дефолт орын алған уақытта Эмитент облигациялардың айналым мерзімі аяқталған жағдайда, облигацияларды ұстаушылар немесе облигациялар бойынша талап ету құқығына ие тұлғалар құқықтарын қамтамасыз ету, сонымен қатар, Дефолттың өзін жою мақсатымен Эмитенттің қажетті органымен Дефолтты туындатқан себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және бекітеді.</p> <p>Эмитент Дефолт орын алған күннен бастап 60 (алпыс) жұмыс күні ішінде Дефолтты туғызған себептерді жою үшін (купондық сыйақыны, номиналды құнын және/немесе соңғы купондық сыйақыны осы проспекспен анықталған мерзімдерде төлемеу немесе толық төлемеу еңсерілмейтін күш жағдаяттарының салдары болып табылатын жағдайларды қоспағанда) (бұдан әрі-«Мерзімін ұзарту кезеңі»), сонымен қатар, Дефолттың өзін жою үшін</p>
--	--

		<p>барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндетті. Дегенмен, сонымен қатар, оның орын алуын туғызған себептер көрсетілген кезеңде жойылмаған жағдайда, Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар немесе облигациялар бойынша талап ету құқығына ие тұлғалар облигациялардың айналым мерзімі аяқталған жағдайда, Эмитентке қажетті жазбаша талапты ұсыну арқылы, мерзімін ұзарту Кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап есептелетін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларға меншікті облигациялардың жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша сатылып алынуын немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарының қанағаттандырылуын (облигациялардың айналым мерзімі аяқталған жағдайда) талап етуге құқылы. Эмитенттің оларға меншікті облигациялардың сатылып алынуы немесе облигациялар бойынша талап ету құқықтарының қанағаттандырылуы туралы жазбаша талаптарды ұсынған облигацияларды ұстаушылар алдындағы міндеттемелерін орындауы, облигациялардың айналым мерзімі аяқталған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе талапқа сай орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлы жауапкершілік жүктейтін тұлғалар жоқ.</p>
12)	Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы	<p>Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу құқығы қарастырылмайды.</p> <p>Облигацияларды Банктің ынтасымен өтеуін төлеп алу</p> <p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің Облигацияларын олардың күллі айналым мерзімі ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында сатып алуға құқылы. Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасалған уақытта, мәміле жасалған күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да қалыптасқан нарық бағасына тәуелді; – мәміле бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында жасалған уақытта – мәміле тараптарының келісімі бойынша. <p>Сатылып алынған Облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитентпен қайта сатыла алады.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы олардан Облигациялар сатылып алынып отырған Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Эмитенттің меншікті Облигациялармен мәмілелер жасасу тәртібі туралы заңнама талаптарына бұзуды туғызбауы тиіс.</p>
12-1)	Эмитенттің облигацияларды	<p>ҚЕХС-мен сәйкес құрастырылған, Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, оның ішінде,</p>

	ұстаушыларға ақпараттың мазмұнын, тәртібін, мерзімдері мен осы ақпаратты ашу тәсілін көрсете отырып, өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпараттандыру, соның ішінде облигацияларды шығару проспектісінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы ақпараттандыру тәртібі	Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептемелер, осы шарттармен қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы мәліметтер «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында, Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта Эмитенттің ішкі корпоративтік құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген мерзімдермен және тәртіппен сәйкес, Эмитенттің (www.vtb-bank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми сайттарында орналастырылатын болады.
13)	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер	Облигацияларды орналастырудан алынған ақша Эмитенттің қорландыру базасын арттыруға бағытталатын болады. Эмитент өзінің міндеттемелерін әртараптандыруға және Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны Қазақстанның кәсіпорындарын несиелендіруге бағыттауға ниетті. Оның ішінде, Эмитент Қазақстан Республикасының ірі, орта, шағын және бөлшек бизнес кәсіпорындарын несиелендіруді жалғастыратын болады. Олар кезінде Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаның жоспарланған үлестіруінде өзгертулер болуы мүмкін жағдайлар орын алған уақытта, Эмитент осы проспектіге Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіппен қажетті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.
3-1.	Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қимасында сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті, Эмитенттің ақша көздері мен ағындары болжамы.	Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қимасында сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті, Эмитенттің ақша көздері мен ағындарының болжамы осы проспектіге №1 қосымшада келтірілген.
3-2.	Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)	Осы проспектімен анықталған, Облигациялар айналымының мерзімі ішінде Эмитент келесі талаптарды сақтауға міндетті: <ul style="list-style-type: none"> • Эмитенттің құрылтай құжаттарына Эмитент қызметінің негізгі түрлеріне өзгертулерді қарастыратын өзгертулер енгізбеу, Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған жағдайларды қоспағанда; • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен анықталған, жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеу; • Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалатын, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен анықталған, Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептемелерді ұсыну мерзімдерін бұзуға

		<p>жол бермеу.</p> <p>Эмитент Облигациялардың барлық ұстаушыларына осы проспектімен қарастырылған шектеулердің (ковенанттардың) кез келгенінің бұзылғандығы туралы Облигацияларды ұстаушылар өкіліне хабарлау, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен анықталған тәртіппен, хабарды Эмитенттің (http://www.vtb-bank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (http://www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (http://www.dfo.kz) ресми сайттарында орналастыру арқылы ақпараттандырады.</p> <p>Көрсетілген шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Эмитент, Облигацияларды ұстаушылар құқықтарын қамтамасыздандыру мақсатымен шектеулердің (ковенанттардың) бұзылуын туғызған себептерді, сонымен қатар, шектеулер (ковенанттар) бұзушылығының өзін жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді, ал Эмитенттің уәкілетті органы бекітеді.</p>
4.	Опциондар туралы ақпарат	Опциондар қарастырылмаған.
5.	Айырбасталатын облигациялар	Эмитенттің Облигациялары айырбасталмайды.
6.	Облигацияларды орналастыру тәсілі	
1)	Облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі	Облигациялардың айналымы Облигациялар айналымының күллі кезеңі ішінде бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында қарастырылған. Облигациялар айналымының күллі мерзімі ішінде Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен сәйкес орналастырылатын болады.
2)	Жазылу жолымен акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде, айырбастау шарттары көрсетіледі	Облигациялардың акцияларға айырбасталуы қарастырылмаған.
3)	Облигацияларды төлеу шарттары және тәртібі	Облигациялар ақшамен қолма-қолсыз ақша нысанында төленеді. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында арнайы сауда-саттық өткізу жолымен орналастырылған уақытта төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарымен сәйкес жүзеге асырылады.

И.И. Басқарма Төрағасының

Бас бухгалтер




И.И. Туралиева

А.В.Лаврентьева

1 қосымша. Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қимасында сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті, Эмитенттің ақша көздері мен ағындары болжамы.

Сыйақылар төлемдері және номиналды құны бойынша негізгі борыш сомасын өтеу Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен қамтамасыз етілетін болады. Эмитент әрбір кезең бойынша қызметтің негізгі түрінен түсімдер сомасы негізгі борышты өтеу және міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болады деп есептейді.

Төменде Облигациялар өтелген сәтке дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі қимасында ақша ағындарының болжамы ұсынылған:

Баптың атауы	Млн. теңге				
	2017 жылдың 1 жартыжылдығы	2017 жыл	2018 жылдың 1 жартыжылдығы	2018 жыл	2019 жылдың 1 жартыжылдығы
Банктердің қаражаты	-11 500	-10 296	-190	684	13 500
Бас банктің қаражаты	-257	-257	0	0	0
Клиенттер қаражаты	7 405	21 123	8 224	18 214	4 691

Осы қосымшада келтірілген, Эмитенттің ақша ағындарының болжамы теріс және қате болуы мүмкін және әртүрлі факторларға тәуелді өзгертуге жататын болжамдар, бағалаулар немесе әдістерге тәуелді, оның ішінде барлық экономикалық және саяси жағдайлар, мемлекеттік реттеудегі өзгертулер, салықтық талаптардағы өзгертулер (оның ішінде салықтық мөлшерлемелердің өзгертулері, жаңа салықтық заңдар және салық заңнамасы түсініктемесінің қайта қаралуы), соттық және арбитраждық іс қараулар нәтижелері, пайыздық мөлшерлемелер, айырбастау бағамы мен басқа нарықтық жағдайлардың өзгерістері.

Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалар немесе басқа негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын белгілі бір болжамды деректерді жанартауға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниетті емес. Эмитентке немесе Эмитент атынан әрекет ететін басқа тұлғаларға жатқызылатын болашақ туралы барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша өтініштер және/немесе болжамдар осы қосымшада қамтылған мәліметке өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылмайды. Жоғарыда көрсетілгендер нәтижесінде, Облигациялардың әлеуетті инвесторлары Облигацияларға қатысты инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде келтірілген болжалды деректердің өзгеру мүмкіндігін түсінуі тиіс.

Прошито и пронумеровано 25 листа(ов).

И.о. Председателя Правления
Туралиева Ирина Игоревна

Главный бухгалтер
Лаврентьева Антони

Викторовна

года



«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республиканың мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕЛДІ

2016 ж. « 29.06 »